

А.А.Сәтбекова  
Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогика институты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы

### **ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕДЕЛДЕТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*В данной научной статье речь идет о теоретических основах методики преподавания казахского языка.*

Қазақ тілін жеделдете оқыту қысқа мерзімді болса да да, тіл үйренушінің дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік идеясымен орныққан жеке тұлға ретінде қалыптасуына, маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтік жүйеге, Абай армандаған “кетігін тапқан кірпіш” ретінде өмір сүруіне қызмет етуі тиіс. Қазақ тілі қазақстандықтар үшін мемлекеттік мәртебені танытатын рәсімдердің қатарында орын алғалы оны оқыту мәселелері де жаңа бағытта қарастырыла бастады.

Қазақ тілін оқытудың жаңа арналарын анықтап, сол жаңалықтарды дәстүрлі арнаға қосқанда ғана қазақ тіліне, қазақ тілін оқып-білуге деген көзқарас сапалы тұрғыда дами бастайды. Ал қазақ тіліне мемлекеттік мәртебені білдіретін рәміз ретінде көзқарас қалыптастыру білім алушылардың патриоттық, сыйластық, толеранттық, адамгершілік қасиеттерін дамытады. Ал осы қасиеттер, түптеп келгенде өмір сүрудің, оның ішінде бейбіт өмір сүрудің маңызын түсінуге, сөйтіп саналы азамат қалыптастыруға жол қалайды. Осындай іргелі мәселелерге қол созуда, ең алдымен, сол іргетастың, білім алудың діңгегін философиялық және әлеуметтік тұрғыдан қажеттілігі айқындалатыны сөзсіз. Бұл жерде біз жалпы тілдің адам өміріндегі маңызына философиялық және әлеуметтік тұрғыдан талдау жасап көргіміз келеді.

Философияның негізгі мәселелерінің қатарында орын алатын сана мен тіл - барлық уақытта және түрлі қырынан қарастырылып келе жатқан ерекше таным нысандары. Ғылымның дамуы, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының қарыштап дамуы, сана мен тілге деген көзқарастың жан-жақты болуына игі ықпал етіп келеді. Сана мен сананың ерекшелігі туралы философияда бір ұғым қалыптаспаған. А.П.Спиркин сана мен объективті әлем біртұтастықты құрайтын екі қарама-қайшылық деп атап өтеді. Сананы осылай қарастыра отырып, А.П.Спиркин ол біртұтастықты ұстап тұратын діңгек — практика, адамдардың сезімдік-заттық іс-әрекеті (чувственно-предметная деятельность) деп қарасақ, санадағы сәулелену (отражение) — дүниетанудағы керемет мүмкіншілік, ерекше қасиет болып танылады.

Білім - адам баласының дүние-танудағы санасында сәулелендірген ақпараты десек, осы процестің ерекшелігі оқыту барысында да орын алып отыратыны анық. Адам баласының осы әлемдегі орны мен адамның санасының маңызды қызметі - білім алудағы түпкі танылуы мақсат етілетін нысандар. Білім алу барысында адам санасында сәулеленетін ақпараттардың оның дүниетанымын қалыптастыруға қызмет ететіні анық. Қазіргі кезең қазақстандық жоғары білім беру саласында жаңа концепциялар арқылы іргесі қаланып жатқан жаңа бір әлеуметтік деңгей танылуымен ерекше бола алады. Жоғары білім беру жүйесін алдыңғы қатарлы елдер стандарттарына жеткізу мақсатында жасалып жатқан игі істердің, эксперименттердің, түптің түбінде, қазақстандық жоғары білім беру жүйесін кардиналды түрде өзгертуіне, басқаша айтқанда, ғылымның практикамен тығыз байланысы орнауына алып келетініне сенеміз.

Гуманистік идеяларды сенімді тірек ету арқылы ғана мұғалім кәсібін игеруге болатыны студенттер ғана емес, сол студенттердің оқытушылары да түсінуі керек. Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің түпнегізінде жатқан гума-нистік идеялардың қазақстандық жоғары білімді маман даярлау процесіне философиялық тұрғыдан басшылық ететіні белгілі. Сондықтан қазіргі студент - болашақ жоғары білімді мұғалімнің бала тәрбиесіне

деген көзқарасы нық қалыптасуы тамырларын анық талдау маңызды болып табылмақ.

Бұл жерде “Қазақ тілі” пәнінің барлық басқа пәндер ішінде алатын орны да осы тұрғыдан танылуы керек деп ойлаймыз. Қазақ тілі пәнін меңгеруі барысында студенттердің дүниетаным-дық көзқарастарының сенімді қалыптасуы үшін қазақ тілін оқытудың мақсаты, берілетін білім мазмұны, оқыту жолдары мен әдістері бір арнаға тоғысқан дүниетанымдық бастау тұрғысынан анықталынуы керек.

Осы көрсетілген басты дидактика-лық категориялар қазақстандық әлеуметтік жүйенің мақсатымен, болашағымен қаншалықты сәйкес келісіп жататын болса, соншалықты болашақ мұғалімдердің болашақ қазақстандық азаматтарды оқытып-тәрбиелеуге қажетті кәсіби шеберлікті игереді деп айта аламыз.

Тұтастай алғанда ондай сәйкестік пен келісімнің болуына қол жеткізудің тиімділігі мемлекеттің жоғары оқу орындарына беріп отырған тапсырысы мен сол міндетті орындауға қажетті білім беру стандарттарының теориялық және практикалық тұрғыдан бір арнада анықталып, практикалық шешімдері сол жолдан бұрылмауына көптен-көп байланысты болмақ.

Қазақстандық қоғам – қазақ-стандықтардың игілікті дамуға бет алған қызметінің (деятельность) жемісі. Қазақстандық білім беру жүйесінің еліміздің әлеуметтік жүйесінде күн санап өсіп келе жатқан орнына қарай отырып, білім алу саласының сапалығы туралы мәселенің өзекті болу себебін де түсінуге болады деп ойлаймыз. Санның сапаға ауысуы заңды құбылыс десек, қоғамда білімге бет алудың қарқынды дамыған сайын көптеген жоғары білім беру ошақтарының сапалылық Крите-рийлеріне жету-жетпеуі күмәнді бола бастайды. Жоғары оқу орындарында студентке берілетін білім сапасының көрсеткіштері оқыланып барлық пәннің санына бөлінген кезде орта шамамен белгілі бір көрсеткіш алынатыны белгілі.

Десек те, осы пәндердің ішінде мемлекеттік тілдің оқытылу барысына дербес көрсеткіш қою, мемлекеттік тілдің оқытылу әдістерін саралау сияқты маңызды мәселелер тасада қалдырылуы қауіпті деп ойлаймыз. Өйткені болашақ мұғалім ретінде адамдық ішкі құндылықтар қалып-тастырудың маңызды бір тетігі – мемлекетінің қасиеттілігін танытатын Тілді білу, оны құрметтеу, өзінің шәкірттеріне үлгі болып, қазақ тілінде еркін сауатты сөйлеу, жазу нормаларын меңгеру – қазақстандық қоғамның толыққанды азаматының ғана қолынан келетін іс екенін студентке ұғындыру - қазақ тілі пәнінің сапалы оқытылуына байланысты болмақ.

Студенттердің әлеуметтік қызме-тінің бірі және осы кезең үшін бастысы - олардың жоғары білім алу барысы. Жоғары кәсіби білім алу барысында студент мамандығына байланысты білімдер жүйесін меңгеріп қана қоймайды. Дәл осы кезде студенттің санасында, бойында өзінің материалдық және рухани өнімдер жасауға қажетті болып табылатын қандай күштер, қандай мүмкіндіктер бары, қандай қабілеті және ол қабілеттердің қандай негізге суарылғандығы, қандай адамдық позицияларды ұстануға бейім екендігі де осы жоғары білім алуы барысында айқын білінеді. Мұғалімдік мамандыққа, оның ішінде белгілі бір пән мұғаліміне қажетті жоғары білім жүйесін меңгеруі барысында студенттер өздеріне дейінгі жинақталған, мемлекеттік стандарт бойынша бекітілген білім мазмұнын өз саналарында қайта өңдей отырып сіңіреді. Осы процесс студенттің сапалы жаңа деңгейге – жоғары білімді азамат деңгейіне өсуіне жол ашады. Сол деңгейге өсіп келе жатқан студент - өзінің өсіп келе жатқанын өзі сезе алатын, байқайтын, қажетті тұсында профессорлық-оқытушылық құрамға қосыла отырып өзін-өзі дұрыстауға мүмкіншілігін аша алатын, оқу қызметінде өзінің азаматтық позициясы мен маман ретінде келбетін “сомдайтын” субъектіге айналуы керек.

Ендігі мәселе – осы субъектінің білім алу барысы. Басқаша айтатын болсақ, студент мемлекеттік стандарт бойынша бекітілген пәндер жүйесін қалай меңгеріп жатқандығын қарастыру керек. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың “екінші тіл ретінде” оқытудан сәл айырмашылығы болуы мүмкін. Бірақ, біздің ойымызша, ол айырмашылық –

тілдің игеру процесіндегі механизмдерге емес, тілді игеруге деген әлеуметтік көзқарас қалыптасуына байланысты болуы мүмкін. Философ-ғалымдар адам қызметінің ерекшеліктері туралы былай дейді: “Деятельность человека порождает нравственные потребности, в соответствии с которыми строится поведение человека. Поскольку человек может жить только в общении с другими (человеческий опыт передается только прижизненно), то регулирование поведения на основе нравственных обычаев, предписаний, складывающихся норм взаимоотношений, становится неотъемлемой чертой человеческого бытия”. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда студенттердің білім алу процесі неғұрлым өз бетімен ізденуге, неғұрлым белсенділікке негізделетін болса, соғұрлым оның (студенттің) шебер маман болу қабілеті де қалыптаса береді. Студенттің меңгерген теориялық білімі мен игерген практикалық дағдылары өзара келісімдікпен қолданылса ғана білім парасатты, гуманистік қағидаларды қалыптас-тыруға, жалғастыруға бағыт алған білімге айналады. Сырттан берілген білім негіздерін ішкі қажеттілік пен ішкі танымдық қабілеттер дұрыс “өндеуге, қорытуға” дағдыланса ғана алынған білімнің сапалылығы туралы сөз етуге болады. Ал қазіргі кезде сапалы білім алған маманға қазақстандық мектептер ғана емес, колледждер де, университеттер де зәру болып отырғаны анық.

Қазақстан Республикасының бүгінгі күні бет алып отырған даму бағыты – қазақстандық мәдениеттің ғана емес, евразиялық мәдениеттің де дамуына қажетті қарқын деп тану керек. Қазақстандық даму бағытының гуманистік идеяларды тірек етіп отырғандығы еліміздің түрлі апат алып келетін құралдарды жоюынан, бейбіт-шілік орнатуға қатысты түрлі діндер мен діни ағымдардың ортақ проблемаға — өмірді, адамды құрметтеу мен сақтау мәселесіне бет алуына жол қалау саясатынан танылады. Осындай іргелі мәселелердің бір қанатында тұратын білім беру, оның ішінде жоғары білім беру мәселесі — ерекше көзқараспен танылатын нысан болып табылады. Қазақстандық ғалымдар осы мәселе туралы былай дейді: “Традиционные “Чему?” “Как?” “Для чего?” вновь возвращают к методологическим поискам. Сегодня - это новая фило-софия образования, т.е. формирование принципиально иных концептуальных подходов. Главные характеристики концептуализации: формирование и воплощение образовательных технологий посредством принципов, которые должны быть положены в основания нормативных документов. По степени возрастания — о глубинных (логико-человеческих) к мировоззренческим, через системность (структурно-содержательную, организационно-методическую, логическую), целостность (особенно в условиях раздробления обучения на ступени), развитие (генезис, функционирование, тенденциальность), историзм, единство теоретического и прикладного (знаний, умений, навыков) и т.д.” Адам - қоғам дамуын бағалаудың көрсеткіші ретінде де қызмет ете алады. Әл-Фарабидің тек адам ғана парасатты қызмет ете алады деген қағидасына сүйенетін болсақ, сонда адамның білім алуының қандайлықты күрделі мәселе екенін сезу қиын емес. Адамның білім алу барысында көз салуы мен бақылауынан, қарапайым ақпарат алуынан бастап танылып отырған нысанның болмысына тереңнен көз жіберуге дейінгі жолы - ғылыми таным процесі. Студенттерге оқылатын Қазақ тілі пәнін, көп жағдайда практикалық пән ретінде санаудың өзі осы пәнді оқытуға қарапайым эмпирикалық әдістерді қолданумен шектелуге болмайтындығын көрсетеді.

Қазақ тілі пәнінің білімдік мазмұнында студент меңгеретін лингвистикалық материалдарға теориялық білім деп, ал жаттығуларға практикалық білім деп қараудың өзі - әдістемелік тұрғыдан қате. Өйткені студент қандай бір грамматикалық ережені білмей тұрғып, қай жалғаудың қалай аталатынын, қандай грамма-тикалық, стилистикалық қызмет атқаратынын тани алмас еді. Сондықтан білім беру әдістерінің өзіне танымдық әдістер деп қарау керек деп ойлаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің ойымызша, Н.Ж.Құрманованың әдістердің түп негізінде танымдық әдістер жатады деген ойын құптау керек. Білім - адамзат жинақтаған мәдени құндылықтар жүйесі болғандықтан, білім беру

процесі - адам баласының гуманистік көзқарастарын үйретуге түбегейлі бет бұруы тиіс. Қазіргі кезең ғылымында адамға, жеке адамның құндылықтарына бетбұрыс жасау айқын байқалып отыр. Бұл, бір жағынан, әлеуметтік практиканың бір ерекшелігі ретінде де танылады.

Жеке тұлғаның қалыптасу, даму процесіне назар аударатын гуманистік көзқарас - педагогикалық мамандық алу үстіндегі жастардың саналарына сіндіруі тиіс болып табылатын басты қасиет. Педагогикадағы, оның ішінде жоғары мектеп педагогикасындағы зерттеулерге сүйенетін болсақ, бұрынғы әдіснамалық тіректерге қайта талдау жасау, жеке тұлғаның маңызды табиғатын терең зерттеп-білу сияқты озық жолдарды көре аламыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздерін зерттеуде С.Р.Рахметованың, Қ.Қ.Қадашеваның, Ф.Ш.Оразбаеваның, Н.Ж.Құрманова-ның, А.С.Қыдыршаевтың, Р.Шахано-ваның, К.Жақсылықованың, Ж.Сүлей-менованың докторлық диссертациясының әдіснамалық тұрғыдағы көзқарас-тарының уақытылы жасалғандығын және маңыздылығын атап өту керек. Бұл зерттеулерде қазақ тілінің ана тілі ретінде оқытылуы, екінші тіл ретінде оқытылуы, мемлекеттік тіл ретінде оқытылуы философиялық, логикалық, әлеуметтік тұрғыдан анықталып, тілді оқытудың сан алуан әдістері белгіленген мақсатқа сай түрлендіріле танылады.

Сөйтіп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің жаңа көзқарастарға сай келетін әдіснамалық негіздері қаланып келеді деп айтуға болады деп ойлаймыз.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде өзге тілде білім алып жатқан студенттер аудиториясында оқытуда басшылыққа алынатын әдіснамалық негіздер, яғни философиялық және әлеуметтік негіздемелер қазақ тілін оқыту әдістемесінің нормативтік және дескриптивтік негіздері деп анық-таймыз. Бұл жерде нормативтік әдіснаманың ерекшелігі оның қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі конструктивтік міндеттерді шешумен байланыстылығында.

Ал дескриптивтік әдіснаманың ерекшелігі қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту әдістемесінің ретроспективтік ерекшеліктерін талдауға байланысты болып келеді.

Осы айтылғандардың негізінде профессор Б.Хасанұлының қазақ тілінің әлеуметтік заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеген еңбектері әдіснамалық негіздің ерекше бастауын көрсете алады. Тілдің әлеуметтік ерекшелігі тілді оқытудың әлеуметтік ерекшеліктеріне тығыз байланысты болып келетіні белгілі.

Білім беру саласы өркениеттің дамуына да белгілі дәрежеде ықпал ететіні белгілі. Егер білім беру жүйесінде тоқырау пайда болса, онда әлеуметтік жүйеде де тоқырау пайда болатыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер**

1. Философия. Курс лекций. –М.: Владос, 1997. –147с.
2. Хасанов М., Бутова Е. Социогуманитарная подготовка: состояние, перспективы. – Қазақстан жоғары мектебі, 1998, №1, стр. 44.
3. Құрманова Н.Ж. Қазақ мек-тептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. – Пед. ғыл.автореф., -А., 2004.